

Аты-жөні, электронды адресі, облыс, қала:

**Оразмагамбетова Анар Жумашевна,
zhul_kz@mail.ru, Қостанай облысы, Қостанай қаласы**

Жұмыстың аталуы: «Сүйемін туған тілді-анам тілін»

Номинациясы: «Замандас ертегіші»

Байланыс мәліметтері: 8-747-8067604

Ынтымағы жарасқан сөз таптары

Баяғы өткен заманда «Сөз таптары» хандығында тоғыз ұлы бар ақылы дария хан өмір сүріпті. Ұлдарының алды кәмет жасқа жеткенде, хан оларды қасына шақыртып:

– Араларыңда кімге және қалай хандықты бөліп беретіндігім жайында талас боп жатқан көрінеді. Сендердің еншілеріңді бөліп беруді ұйғарып отырмын. Айналайын тұңғышым, Зат есім, сен мені мұқият тыңдап ал. Сен табиғатыңнан қарапайым, зерек, мейірімді және жауапты болып өсіп келесің. Мен сенің осы аймақтың қабырғасын қалайтынына сенім білдіремін. Қоршауға арналған тастар – бұл жаңа сөздер мен түсініктер. Қабырғасы неғұрлым биік болса, соғұрлым аймағым да бай болмақ. Оның үстіне сенің жауапкершілігіңе әртүрлі мамандықтағы адамдарды шақырып, жаңа сұрыпты көкөністер мен жеміс-жидектерді өсіріп, жан-жануарлардың жаңа түрлерін семірту де міндеттеледі.

– Әкешім, мен біздің хандықтың көркеюі үшін қолымнан келгенше тырысып бағамын, – деді өзіне тән салмақтылығын көрсеткен Зат есім.

– Сын есім, балам, енді сен маған жақындай ғой. Сенің мінезің өте жұмсақ, ылғи ағаларың – Зат есім мен Етістіктің жандарынан табыласың. Мен саған біздің хандықтың әскерін жинақтауға тапсырма беремін. Оларды сапасына, түр- түсіне, көлеміне, дәміне, пішініне қарай бөлерсің.

– Құп болады! – деді сыңғырлаған даусымен Сын есім.

– Сан есім, сен есептен алдына жан салмайсың. Хандықтың ақшасы мен алтынының есебі – енді сенің құзырыңда. Сын есім, сенің ағаң жинаған әскеріңді ондықтарға, жүздіктерге, мыңдықтарға бөледі. Оларды реттік есепке үйрет. Жаңа адамдарды жинау мен есептеуде сен оларды жинақтап, топтайсың. Оларға біздің аймақтан жер телімін бөлдерде, шамамен болжалдап және бөлшектеп есептеуге де үйрет.

– Сонда менің 1,2,3,4,5,6 (қолындағы саусақтарын бүгіп) барлығы алты міндетім болғаны ғой? – деп есептеді Сан есім.

– Иә, мен саған есептің алты бағытын тапсырамын.

– Әкешім, бұл алты қызмет хандығымыз үшін аса маңызды, сондықтан үмітіңізді ақтауға тырысамын.

– Ал енді кезек Етістікке де келіп жетті. Мына үлкен кітапты саған беремін. Ол үш бөлімнен тұрады: «Не істеді?», «Не істеп жатыр?» және «Не істейді?». Бірінші бөлімге өткен шақта жасалған іс-әрекеттерді жазасың. Екінші бөлімге дәл осы уақытта кімнің не істегенін жазсаң, үшінші бөлімге алдағы жоспарланған әрекеттерді жазып отырасың. Сенің жұмысың ауқымды, сол себепті Зат есім ағаңнан өзіңе көмекшілер сұрауыңа болады. Әрі сенің халыққа бұйрық шығару құқығың да бар.

– Әкешім, Зат есім менің жанымда ылғи бірге бола ма? – деп сұрады Етістік.

– Иә, Етістік, сен екеуің хандықтың басты міндеттерін орындайсыңдар.

– Сеніміңізге рақмет, әкешім.

– Есімдік, ұялма, қалқам, жақынырақ отыр. Сен- менің затты, оның белгісі мен санын атайтын көрсеткішімісің. Сенің ұраның: «Мен, сен, сіз, біз – тату доспыз бәріміз». Сені Зат есім, Сын есім және Сан есім ағаларыңның орынбасары қылып

тағайындаймын. Олардың жұмыстан кейде қолдары тимеуі мүмкін, сондай кезде «Сөйлемнің» күнделікті мәжілісіне сен қатысатын боласың.

– Әкешім, мен қуана-қуана көмектесемін. Бұл жұмыс менің қолымнан келеді.

– Үстеу, мен саған мына күнделікті сеніп тапсырамын. Мына кестеге назар аудар. Бағаналарында: мекен, мезгіл, мөлшер, қимыл-сын, күшейткіш, себеп, мақсат деп жазылған. Бұл кесте хандықтағы барлық оқиғаларды суреттеп береді.

– Яғни менің мақсатым – хандықта болып жатқан барлық оқиғадан хабардар болу ма?

– Зеректігіңнен айналдым сенің!

– Әкешім, осындай маңызды да жауапты жұмыс жүктегеніңізге ризамын. Мен сізді ұятқа қалдырмаймын.

– Шылау, Еліктеу сөз және Одағай, сендердің де хандықта тиесілі орындарың бар. Шылау, сен ағаларыңды байланыстырып жүретін боласың. Еліктеу сөз, біз табиғатпен бірлікте болуымыз қажет, сондықтан Етістік ағанның табиғаттағы дыбыстар мен бейнелерге еліктей білуіне көмектес. Ал сен, Одағай, хандыққа көңіл-күй сыйлайтын боласың. Сенің көмегің арқылы қуанамыз, шаттанамыз, таң қаламыз, қапаланамыз...

– Түу, міндетіміздің ауырлығын-ай,ә! – деп, ақырын ғана күрсінді Одағай.

– Ұлдарым! Мен Сендердің еншілеріңді бөліп бердім. Сендерге жауапты міндеттер жүктей отырып, Хандықтың өркендеп дамуы үшін, Сендердің мүмкіндіктерің мен келешектеріңді ескердім. Бәрің де маңыздысыңдар, қажетсіңдер. Бір-біріңмен тату болыңдар, бір-біріңе көмектесіңдер! Мен Сендерге сенемін!

«Әке көрген оқ жонар» дегендей, ұлағатты әкенің тоғыз ұлы хандықтың қазынасының молаюына лайықты үлестерін қосуда.